

Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 202 "Шалқар ауданы бойынша тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 ақпандағы № 430 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 ақпанда № 6826 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 202 "Шалқар ауданы бойынша тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-191 тіркелген, 2018 жылғы 19 сәуірде "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихатының сессия төрағасы

М. Ержанов

Шалқар аудандық
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев